EL BEREKESI – BIRLIKTE!

# DOSTYQ

95 жыл
1930
Социалды жолдан –
Достыққа дейін
2025

Зайсан ауданының қоғамдық-саяси газеті.Газет 1930 жылғы 1 қазаннан шығады

№22 (11379) Жұма 30 мамыр 2025 жыл

Республикада

## Президент ТМҰ-ға мүше елдердің орталық банктері өкілдерінің кеңесіне қатысты

*Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің Орталық (ұлттық) банктері кеңесінің бірінші отырысы өтті.*

Жиынды ашқан Президент жуырда Мажарстанда өткен бейресми саммитте Ұйымға мүше мемлекеттер басшылары ынтымақтастықты тереңдетудің маңызын растағанын атап өтті. Тариф саясатының өзгеруінен туындаған жаһандық экономиканың трансформациясы жағдайында мұның мәні арта түсті. Президенттің айтуынша, қазіргі кездегі күрделі өзгерістер қиындықтармен қатар жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Әсіресе, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру мен қаржы сияқты негізгі салаларда күш-жігерді үйлестіру қажет.

– Біздің елдеріміздің әлемдік ІЖӨ-дегі жиынтық үлесі 2010 жылғы 2,4 пайыздық көрсеткіштен 3,1 пайызға дейін ұлғайды. Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық резервтері тұрақты түрде өсіп келеді. Бұл аймақтың макроэкономикалық орнықтылығының артқанын көрсетеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржы секторындағы ынтымақтастықты кеңейту барысында орталық банктер негізгі рөл атқарып, экономикалық және инвестициялық серіктестіктің қозғаушы күшіне айнала алады деп санайды.

– Жиынның күн тәртібіне экономикалық үдерістерге, ақша-несие саясатына, сондай-ақ орталық банктердің цифрлық валюталары, криптовалюталары және цифрлық активтері, яғни, қаржы технологияларын дамытуға қатысты өзекті тақырыптардың енгізілгені қуантады. Қазақстан бұл салада айтарлықтай жетістікке жетті. Атап айтқанда, барлық транзакциялар құрылымындағы қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 85 пайызды құрады. Біздің Ұлттық банк аймақта бірінші болып цифрлық теңгені енгізді. Жақын арада цифрлық активтердің, соның ішінде криптовалюталардың, стейблкоиндердің және токенизацияланған құралдардың қауіпсіз айналымын қамтамасыз ететін жаңа ережелерді қабылдау жоспарланып отыр, – деді Мемлекет басшысы.



Кеңес соңында Қасым-Жомарт Тоқаев орталық банктер арасындағы кәсіби диалогтың кеңеюі түркі елдерінің экономикалық әлеуетін іске асыру үшін берік негіз қалайтынына сенім білдірді.

Жиында Қазақстан Ұлттық банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов, Әзербайжан Орталық банкінің төрағасы Талех Тахир оглы Кязимов, Қырғызстан Ұлттық банкінің төрағасы Мелис Тургунбаев, Түркия Орталық банкінің төрағасы Фатих Харахан, Өзбекстан Орталық банкінің төрағасы Тимур Ишметов, Мажарстан Орталық банкінің атқарушы директоры Габор Соч және ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Ауданда

## Аймақ басшысы жұмыс сапарымен келді

***Кеше Шығыс Қазақстан облысының жаңадан сайланған әкімі Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов Зайсан ауданына алғаш рет жұмыс сапарымен келіп, аудан жұртшылығымен кездесті. Аудандық Мәдениет үйінде өткен кездесуге қатысқан аудан тұрғындары өзекті мәселелерін ашық айтып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.***

Кездесу барысында облыс басшысы Зайсан өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына тоқталып, алда атқарылатын жоспарлы жұмыстармен таныстырды. Әсіресе, аудан аумағында 2200 метрлік ұшу-қону жолағы бар жаңа әуежай құрылысы басталғанын ерекше атап өтті. Бұл нысан көлік қатынасын жақсартып, туризм мен инвестиция тартуға серпін бермек.

Сонымен қатар, интернет сапасын жақсарту, ауыз су және жылумен қамту, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет пен спорт салаларын дамыту бағытындағы нақты жұмыстардың барысы баяндалды.

Кездесудің басты ерекшелігі – тұрғындардың ашық пікір айтып, өз сауалдарын тікелей облыс әкіміне жолдауы болды. Жалпы, жиын барысында 20-дан астам азамат сөз кезегін алды. Барлық ұсыныс-пікірлер хатталып, тиісті сала басшыларына тапсырмалар берілді.



Атап айтатын болсақ, қала тұрғыны Болат Жапсарбаев ауданға қарасты 8 елдімекенге газ тарту мәселесін көтеріп, газ қорын нақтылау мерзімін сұрады.

Облыс әкімі бұл ақпарат маусым айының 10-на дейін жарияланатынын айтты.

Қаратал ауылының тұрғыны Шаймарданов Дәулетхан округке қарасты 15 шаруа қожалығының сегізі құжаттарын толық тапсырса да, электр желісіне қосыла алмай отырғанын жеткізсе, Сарытерек ауылының тұрғыны Елжасов Шакен ақсақал ауылға спорт модулінің қажеттігін жеткізді.

Сондай-ақ, Қуаныш ауылының тұрғыны Асқар Мұхамадиев ауылдағы апатты көпір мәселесін, мектеп мәртебесін және ауылды көмірмен қамту керектігін тілге тиек етсе, Қаратал ауылының тұрғындары жаңадан салынып жатқан мектеп үшін облыс әкіміне алғыс білдірді.

Қала тұрғыны, көпбалалы ана Баймұхамбетова Зәуре Заречный мөлтек ауданынан мектеп салу қажеттігін, ардагер ақсақал Тұқан Мырзаханов аудан аумағында ет комбинатын салу керектігін атап өтті.

Жарсу ауылының тұрғындары атынан сөз алған Қадірбек Қамзин: «мектеп ғимаратының талапқа сай келмейтінін, сол себепті, жаңа нысан салу керектігін немесе екінші қабатты көтеру керек» деген ұсынысын ортаға салды.

Дайыр ауылынан келген ұстаз Оралханова Айгерім Прокуратура мен ҰҚК



қызметкерлеріне қызметтік үй беру және Дайыр ауылындағы 94 жастағы Тыл ардагеріне баспана беру мәселесін көтерді.

Зайсан ауданы тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін, талап-тілектерін мұқият тыңдаған облыс әкімі барлық сауалдарға жауап беріп, бірқатар мәселелерді жеке бақылауына алатынын айтып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

– Халықтың мәселесін тыңдап, шешу – біздің негізгі жұмысымыз. Ашық диалог пен жауапкершілік – басқару мәдениетінің негізгі ұстанымы болуы тиіс, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Кездесуден соң облыс әкімі аудан орталығындағы әлеуметтік нысандарды аралап, бірқатар азаматтардың өтініштері бойынша жеке қабылдады.

Бұл іссапар жаңа әкімнің аймақтың нақты ахуалын терең түсініп, тұрғындармен тікелей байланыс орнатуға мүдделі екенін көрсетті.

**АРДАБЕК АҚБАБА.**




# Сібірден аман оралған...

Мұхаметрақымов Мағзи 1920 жылы Зайсан уезінің Маңырақ болысына қарасты Кішкене таудағы Қарашағыл қыстағында дүниеге келген. Мағзи Мұхаметрақым атамыздың кенже баласы. Баласының зеректігін байқаған әкесі жастайынан сауатын ашып, оқытуға тырысқан. Мағзи алғашында Лагерь ауылындағы мешіт молдасынан білім алып, Маңырақ болысында ашылған орыс-қазақ мектебіне барған. Бірақ, ауданда байларды көнпескелеу, колхоздастыру науқаны басталып, Мағзи оқуын ары қарай жалғатыра алмаған. Кейін Зайсан МТС-і жанындағы машина-тракторшы курсын бітіріп, жүргізуші куәлігін алып шығады. Аталған курсты бітіргеннен кейін, Каганович колхозында шофер болып істеген. 1939 жылы Мағзи Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Украинада әскери борышын өтеп, байланыс дивизиясында жүргізуші болған. Мағзи бауыры Зарқынбекке айтқан әңгімесінде: «1941 жылы біздің дивизия Киев маңындағы орманда тұрған. Тамылжыған маусым айында алаңсыз әскери борышын өтеп жүргенде, кенеттен Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Дивизия соғыс шебімен шегіне отырып, 1942 жылы Москва түбінен бірақ шығады. Бұл дивизия генерал А.Власовтың армиясына қараған болатын. Армия Москва маңында болған кескілескен соғыста немістердің қоршауында қалады. Командованияның шешімі бойынша әр полк жеке-жеке қоршаудан шығуға бұйрық алып, өз әрекеттерін жасаған. Соғыс барысында күннен күнге солдаттар саны азая береді. Ақырында полк взводтарға бөлініп, біріненбірі ажырап, жеке-жеке кеткен. Тамақ бітіп, солдаттар арып-шаршап жүруден қалады. Қалайда полкке қосылу керек деген ұстанымда болған взвод командирі, солдаттарды шығысқа бастап жүре берген. Олар орманда жүріп бағыттарынан шатасып,адасады. Бір күні кешке солдаттар ормандағы бір шұңқырға түнеп қалады.

Екінші күні тәңертең иттердің арсылдаған даусынан оянған солдаттар жан-жағына қараса, шұңқырды айнала қоршап алған немістерді көрген. «Неміс»деген сөзді естігендері болмаса, өңі мен түсінде көрмеген жас жігіттер: «һонде-һох,ауф штейн»,-деп бастарына каска киіп, автоматтарын кезеп тұрған немістерді көргенде қатты сасып қалған. Немістер автоматтан аспанға оқ жаудырып: «Шнель,шнель!»-,деп автоматтың аузын(дула) қарата нұсқап шұңқырдан шығуды бұйырады. Солдаттар каруларын тастап, қолдарын көтере бір-бірден шұңқырдан шыққан. Осылай бір взвод «Совет» солдаттары тұтқынға түскен. Немістер иттерін абалатып,айғайлап сапқа тұрғызып, тұтқындарды өз бөлімшелеріне әкеліп қамаған. Солдаттар сол кеткеннен мол кетіп, пойызға отырып Франциядағы концлагерден бірақ шыққан. Концлагерде тұтқындар қара жұмыста болады. Алла сәтін салып тұрма, кім білсін, бір күні жұмыс істеп жүрген заводтың бастығы, таңертеңгі кезекті тексеру кезінде: «Іштеріңде көлік жүргізушісі бар ма?»-,деп сұрайды. Мәкең: «Мен жүргізушімін»-,деп қолын көтерген. Сол күннен бастап әлгі француз бастықтың қол астында жүргізуші болып, соғыс аяқталғанша істеген.

Соғыс аяқталғаннан кейін, 1945 жылы Германия мен Совет Одағы арасындағы келісім-шарт бойынша тұтқын солдаттарды айырбастау науқаны(процесс) басталған. Осылай Мағзиға КСРО-ға қайту мүмкіндігі туады. Жұмысты адал, таза істеген Мәкеңе бастығы ескертіп: «КСРО-ға барғанда ол жақта сені күтіп тұрған ешкім жоқ, сен жақсылап ойлан. Мүмкін осында қалып жұмыс істеп жүре бергенің дұрыс болатын шығар»-деп ақылын айтқан. Оған елім,жерім, деп лүпілдеп тұрған жас жүрек тыным таптырсын ба? «Басқа жерде сұлтан болғанша,өз жерімде ұлтан болайын»-деп шешкен Мағзидың елге деген ынтызары күннен-күнге арта түседі. Мәкең алда не күтіп тұрғанын ойламай, туған жері Зайсанды, кіндік қаны тамған лагерін, туыстарын сағынып, елге қайтуға бел байлайды. Мағзидың қайтуға жиналғанын байқаған бастығы, неше туысы барын сұрап,бәріне бір-бір сәлемдеме (подарка) алып береді. Осылай 1945 жылдың ортасында КСРО мен Германия мемлекеттері арасында тұтқындарды айырбастау процессі басталады. Мағзи:«Границаға келсек музыка ойнап тұр, жүздерінде күлкі ойнап, жан-жақтан елге қайтуға асыққан тұтқын солдаттар көтеріңкі көңіл күймен бір-бірімен амандасып, қауышып жатыр. Біраз уақыттан кейін екі КПП-ның арасындағы алаңда автоматпен қаруланған екі күзетшісі бар неміс офицері, қарсы жақтан дәл солай қаруланған «Кеңес» үкіметінің офицері қарама-қарсы келіп ортада документ алмасқан. Іле-шала тұтқындарды бір-бірлеп КПП-дан өткізе бастайды. Қаперде ештеңе жоқ, көтеріңкі көңіл күймен Германия КПП-нан өтіп, Кеңестер КПП-на енді кіргенде іштен екі солдат бас салғанда чемоданым қайда, өзім қайда қалғанымды білмей қалдым»-деп ақсақал әңгімесін жалғастырған. Солдаттар екі жағынан қолтықтаған күйі дедектетіп, бір кабинетке кіргізіп жіберді. Стол басында отырған офицер: «Фамилия, атың, әкеңнің аты деген үш-ақ сұрақ қойып,10 жыл Сібірге»-деп үкім айтқан. Бұйрық оқыла сала тұтқындарды жабық машинамен (черный ворон)пойызға әкеп, Сібірге жөнелткен. Жолда тұтқындар Грозный қаласында алты айдай соғыстан кейінгі қираған қаланы қалпына келтіру жұмысында болған.

Сол жерде Мәкең қатты ауырып, жұмысқа жарамсыз болып, түрме басшылары оны өлген адамдар санатына жатқызып, қатардан шығарып тастайды. Алла тағала Мәкеңе біраз өмір силап тұрған болу керек. Ашқұрсақ, ауырып вагонда жатқан Мағзиға сол маңда тұратын Қадиша деген әйел қамқорлық жасап, қол ұшын берген. Мәкеңе Қадиша күнде тамақ жасап әкеліп, ауыруын емдеп бағып-қағады. Бір айдан кейін Мәкең есін жинап, ауруынан сауығып қатарға қосылған. Осылай жүректің қалауымен Мәкең Қадиша жеңгемізбен қарым-қатынасы нығая түсіп, махаббатқа ұласқан. Мағзи Сібірге аттанарда Қадишаға: «Аман есен Сібірдегі борышымды өтеп шықсам, мен сені қайтсемде іздеп тауып аламын»-деп серт берген.

Мәкең 1945-1955 жылдар аралығында 10 жыл Сібірдегі ағаш дайындау жұмысында болған.Мәкең немістерде пленде болған және Сібірдегі айдауда болған кездерін еске алып: «Немістерде пленде болғанда тек машинаға қарайсың. Көлікті жуып-шайып,таза ұстап,техника жүріп тұрса болды,қалған уақытта сен боссың, ешкім сені мазаламайды.

Ал, Сібірде тек былай жүр, былай тұр деген бұйрықпен жүрдік. Аяғыңды шалыс бассаң болды, жазалайды. Жазаның көкесі екі тіземен бидайдың үстінде отыру екен. Бидай тізеге батқанда, адам баласы жанын қоярға жер таппай қиналады екен»-,деп әңгімесін аяқтаған. Мағзи аға 1955 жылы жазасын өтеп, Қадишаға берген сертін орындап екеуі жанұя құрған. Сол жылы Мәкең жеңгемізді ертіп Зайсанға келген. Ол кісі келгенде біздің үй «Ленин»колхозына қарасты Сарши фермасында отырған.Әкем марқұм бар ықыласымен:«Бауырым аман-есен елге оралды, келін әкелді»,-деп бір малын сойып, туыстарды жинап, кішігірім той жасаған еді.

**З.ҚАЖАНОВ,**
**еңбек ардагері,**
**Зайсан ауданының «Құрметті» азаматы.**

## АЙНАБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылдың 26 мамыры күні, сағат 15-00 -де Зайсан ауданы, Айнабұлақ ауылы Ә.Дәніков көшесі №4 мекен-жайындағы округ әкімшілігі ғимаратында Айнабұлақ ауылдық округіне қарасты Айнабұлақ ауылындағы 9-шартты көшесіне «Әбдікәрім Ахметжановтың» есімін беру туралы жергілікті қоғамдастық жиыны өтті.

Айнабұлақ ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері бірауыздан Айнабұлақ ауылдық округіне қарасты Айнабұлақ ауылындағы 9-шартты көшесіне «Әбдікәрім Ахметжановтың» есімін беруге шешім қабылдады.

**Айнабұлақ ауылдық округ әкімі аппараты**

## Ақпараттық хабарлама

Зайсан аудандық «Достық» газеті редакциясы ЖШС-гі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының» 1995жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес газетте үгіт материалдарын орналастыруға арналған төлем мөлшері бір шаршы сантиметр үшін ҚҚ салығын қоспағанда 600 теңгені құрайтынын хабарлайды.

## Құттықтаймыз!

# «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды

***Зайсан аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері – Мужанова Майгүл Ормашқызы мен Ақаев Берік Болатбекұлы 21 мамыр – Мәдениет қызметкерлері күні қарсаңында ауданымыздың мәдениеті мен өнер саласына қосқан үлестері үшін «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.***



Олар мәдениет саласында 25 жылдан астам уақыт табанды еңбек етіп, ауданның рухани-мәдени өмірінің дамуына зор үлес қосып келеді.

Бұл марапат – олардың кәсіби шеберлігі мен ел алдындағы адал қызметіне берілген әділ баға.

Төсбелгі иелерін шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық шабыт, зор денсаулық және толағай табыстар тілейміз! Өнер майталмандары ел игілігі үшін қызмет ете берсін!

***«Достық»-ақпарат***

## Бие сүтінің құрамында қандай дәрумендер бар?

Қымыз – қазақ халқының ұлттық сусындарының бірі. Оны тек сусын ретінде ғана емес, туберкулез, обыр, тұмау секілді түрлі аурудың емі ретінде де қолдануға болады.

Мұнымен қатар, қымыз күн мен ультракүлгін сәуле әсерінен түзілетін D дәруменіне бай, әсіресе уыз құрамында мол кездеседі. Р.Давидов пен М.Ермакованың зерттеуінше, бір литрінде 0,65-1,05 мг Е дәрумені бар. Мұнымен қатар, қымызда холестерин алмасуды реттейтін F дәрумені де кездеседі.

Сондай-ақ бие сүтінде В тобына жататын тиамин, рибофлавин және пантотен қышқылдары, биотин, фоли қышқылы, Bi2 дәрумені және тағы басқа бар. Бұл дәрумен бірінші кезекте «бери-бери» (жүйке жүйесінің қабынуы) ауруына шалдыққан науқастарға ем.

Аталған ауруға шалдыққан науқастың қарын сөлі аз бөлініп, тәбеті нашарлайды, бұлшық еті әлсірейді, ұйқысы қашады және асқынған жағдайда адам сал болып қалады. Бұдан өзге В2 және А дәрумені қосылып көру ағзаларына оң әсерін береді.

Ғалымдардың айтуынша, қымызды ашытқан кезде дәрумендер мөлшері біршама өзгереді. Биотин, тиамин, Bi2 дәрумендерінің мөлшері азайса, пантотен қышқылы азаяды, ал рибофлавин, фоли қышқылы сол күйінде қалады.




● Есте жүрер есімдер

# Майдангердің атына кабинет ашылды

***Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Көгедай орта мектебінде ұстаздардың ұстазы болып, өз әулетіндегі ұстаздардың көшбасшысы атанған,соғыс және еңбек ардагері, марқұм Сіләмғали Базаровтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында оның атына тарих пәні кабинеті ашылды. Заманауи үлгімен жабдықталған пән кабинетінің іші заманауи талғаммен, көз тартар жиһаздармен, қажетті оқу құралдарымен жабдықталған.Әрбір жас жеткіншектің тарих пәніне деген сүйіспеншілігін арттыруға барлық жағдайлар жасалған. Аталған білім ордасының директоры, Зайсан ауданының құрметті азаматы Базаров Еркін Сіләмғалиұлы бастаған ұрпақтары жарқын бастаманың жаршысы атанып, өзгелерге үлгі болатындай игілікті істі ұйымдастырды. Соның нәтижесінде өмірден өткен ұлағатты аға ұрпақ өкілінің салып кеткен жарқын сара жолдарын, жас ұрпақ мүддесі үшін атқарған елеулі істерін көпшілік қауымға, ауылдастарына, әріптестеріне үлгі етіп, еске алды.***

Мамыражай мамырдың сегізі күні ауылдағы мектеп ауласына жиналған қауым , арнайы шақырылған қонақтар кезінде майдангердің басшылығымен іске асырылған, оның айшықты қолтаңбасы қалған көптеген істерге куәгер болды. Ғимараттың төбелеріндегі жақтауларға қаз қатар қарлығаштың ұя салғанын да жақсылыққа баладық. Жайқалған тоғайлар, алуан түрлі гүл шоқтары егілген гүлзарлар,әдеттегіден өзгеше талғаммен және шеберлікпен келбеттенген білім ордасының маңайы ұйымдастыру ісіндегі ұтымдылықтан сыр шерткендей күйге бөледі.Салтанатты сәтті майдангердің ұрпақтары-немерелері Дана мен Толқын жүргізді .

**Алғыстарым көп менің,**
**Асыл анам, мектебім.**
**Ұсынғаны адалдық,**
**Текті мінез даналық.**
Сләмғали ата ұрпақтарына тілейміз,
Бақыт, табыс, амандық, -деп жалғасқан жыр шумақтарынан кейін алғашқы сөз кезегі мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Рахат Мырзағалиұлына берілді.

Ел жұртына есімі таныс, аңыз ақсақал Сіләмғали Базаров 1920 жылы 19 қаңтарда Зайсан өңіріндегі бұрынғы Қазақстан, қазіргі Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген.Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы ер азаматтармен бірге аяулы анасының жалғыз перзенті, жиырма бір жасқа енді толған бозбала жасындағы Сіләмғали Базаров та майданға аттанған.Төл басы болған жалғызы Отанын жаудан қорғау үшін жолға шыққанда анасы есінен танып қалған екен. Есін жиғаннан кейін; -«Иә қаннан, иә жаннан,жалғызымды сақтай гөр Зүлпіхардан»,- деп бес уақыт намазына қосып, үш уақыт ақ дастархан басында Алладан жалбарынып, төрт жыл бойы осы тілекті тілеген екен.

Үлкен Қаратал ауылының тумасы Сіләмғали Базаров 1942 жылдың қаңтарынан бастап, 1945 жылдың 9 мамырына дейін Ұлы Отан соғысына қатысып, 1-2-Белорусь майдандарындағы кескілескен шайқас кезінде оқ пен оттың ортасында 151-і,316-і,685-і, 384-і полктер құрамында барлаушылар қатарында болып, бес рет жарақаттанып,майдан даласындағы ерлігі үшін 1-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен,2 мәрте «Жеңіс үшін» , «Белорусь жерін азат еткені үшін»,»Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» секілді көптеген орден, медальдармен марапатталған. Сіләмғали Базаров Жеңіс күнін Штрауль қаласында қарсы алған.

Аяулы ананың тілегі қабыл болып,жаралы жауынгер Сіләмғали Базаров туған жеріне 1945 жылғы желтоқсан айында аман оралған.1946 жылдың қаңтар айынан бастап кіндік қаны тамған ауылындағы С.М.Киров атындағы жеті жылдық мектепте алғашқы ұстаздық қызметін бастаған. Біліктілігімен танылған маман 1947 жылдың 10- шілдесінен бастап, 1965 жылды 10- тамызына дейін қазіргі Жамбыл ауылындағы білім ордасындағы жеті жылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып, он сегіз жыл абыройлы қызмет атқарған. Соғыстан кейін ауыл мектебін қалпына келтіру жұмыстарына атсалысып, сұрапыл жылдары мектептен қол үзіп. оқымай қалған жас жеткуншектердің білімін қайта жалғастыруына ықпал жасап,көптеген жас жеткіншектердің сауатын ашуына өзінің сүбелі үлесін қосқан.Осы жылдары ауыл мектебінің уақыт талғамына сай қалыптасуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Аудан басшылары білікті кадрды 1965 жылдың 10-тамызындағы бұйрықпен Қарабұлақ ауылындағы Абай атындағы орта мектептің директоры етіп жіберген. Майдангер ұстаз мұнда 1969 жылдың қаңьар айына дейін қызмет атқарып, әріптестерінің құрметіне бөленген.

Сіләмғали Базаровтың одан кейінгі ұстаздық, басшылық қызметі Көгедай ауылында жалғасқан.1969 жылдан 1988 жылға дейін осындағы «Большевек» сегіз жылдық мектебінде, қазіргі Көгедай орта мектебінде мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі болып, үздіксіз он сегіз жыл қызмет атқарған. Осы жылдар тізбегінде ол мектептің жаңаша қалыптасу тарихына өзінің іскерлік қабілетімен орасан зор еңбек сіңірген. Майдангер ұстаздың бастамасымен, ұйымдастыру ісіндегі ұтымдылығымен сол кездегі «Зайсан» совхозының қолдау көрсетуімен мектеп ғимаратының қасынан қосымша үш сынып бөлмесі, спорт залы толық жабдықталған, шеберхана үйі, асхана және орталықтан сумен жылытатын қазандық іске қосылған.1979 жылдан бастап мектепте бір аусымда оқытылып, аудан бойынша алғашқы болып пәндік кабинеттерде оқыту мүмкіндігіне қол жеткізілді.Сонымен бірге мектеп ғимаратын бір орталықтан жылытатын жылу жүйесі іске қосылған. Жаңадан жабдықталған спорт алаңы,оқу- тәжірибе алаңы жасалыпғ ауылды абаттандыру мақсатында 1976 жылы « Жеңіс» саябағы жасалып, оның ішіне мектеп басшылығының ұйымдастыруымен алуан түрлі



сәндік ағаш көшеттерімен қоса , жеміс жидек ағаштары отырғызылған, бүгінде ол мәуелі саябаққа айналған. Өркенді істердің жаршысы атанған ұстаз 1986 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан.

Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін де мектептен қол үзбеген. «Ауылда бала бақша ашсам»деп армандаған ұстаз сонау бір жылдары мектеп жанынан ашылған орталыққа өз зейнетақысы есебінен теледидар, кілем, ойыншық түрлерін алып беріп, үздік оқушыларға шәкіртақы тағайындап, көптің алғысын арқалаған.

Ұстаздық мамандықтың қыры мен сырын жетік меңгеріп, білікті басшы, іскер ұйымдастырушы атанған аға ұрпақ өкілі Сіләмғали Базаров өз заманында «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері»төсбелгісімен, Қазақ ССР мұғалімдерінің V-сьезі делегаты , бірнеше мәрте ауылдық Кеңестің депутаты болып сайланып, халық қалаулысы атанған.Ол В.И.Лениннің 100 жылдық мерекелік медалімен , 1973 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы»,»Еңбек ардагері», «Астананың 10 жылдығы»медальдарының иесі болған.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Құрмет грамотасымен», облыстық, аудандық білім бөлімдері басшыларының «Алғыс хатымен» марапатталған. Зайсан ауданының құрметті азаматы болған.

Жүректі жауынгер, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі басшы жасынан шығармашылықпен айналысты, ақындық өнерді жанына серік етті.Есімі еліне танылған қадірменді қарт Сләмғали ақсақал осыдан жиырма жыл бұрын Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арнап 2005 жылы « Біздің ғасырдың батырлары» атты өзінің кітабын шығарды. Бұл істе майдангер қадірманді қартқа есімі республикаға танымал ақын, сыншы, түріктанушы, профессор, жерлесіміз Асқар Егеубаев қолдау көрсетіп, жыр кітабының жарыққа шығауына атсалысты. Бұл кітаптың алғашқы бетіне кезінде Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстаннан шыққан танымал партизан , жазушы Қасым Қайсанов әдемі лебізін білдіріп, алғы сөз жазған. Онда жазушы; «Зайсандық ардагер ұстаз Сіләмғали Базаров өз басынан кешкен , өзі сезінген ауылдастарының тағдырына , өміріне қатысты шындықтарды өлең жолдарына түсіріпті.Азаматқа құрмет, елге махаббат, жерді қастерлеу сезімдері осындай өмір соқпақтарынан көрінбек. Әр алуан шығармалары өз қатар құрбыларының, ауылдастарының өмір жолы өлеңге өрілге », -деген.

Сіләмғали тек ардагер ұстаз, білікті басшы, ақын ғана емес, отбасында асқар таудай –әке, ақылшы,ардақты ата, ауылдың абыз ақсақалының бірі атанды. Өмірлік қосағы Кәмеш Досымбаевамен отбасын құрып, бес ұл, бір қызды өмірге әкелді. Олар ел жұртына қадірлі ақылшы ата, ақ жаулықты әже атанды. Сол ұрпақтарынан 17 немере, 45 шөбере,6 шөпшегі бар. Бұл әулеттің балалары да әке жолын таңдаған, ұлдары мен келіндері де ұстаздық мамандықтың иелері. Немерелері де аталарының жолын қуған мұғалімдік кәсіпте қызмет атқаруда. Әулеттік династиясының педагогикалық еңбек өтілі 448 жылды құрайды.

Ұлы Отан соғысының ардагері Сіләмғали Базаровтың есімі берілген атаулы кабинет ашу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Нұрғайни Қабидолдина , аудандық мәслихаттың төрағасы Еркебұлан Зағыпаров, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Зумрад Дүйсенбаева Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ермек Келгенбаев, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының басшысы Болатбек Балғабаев өздерінің жылы лебіздерін айтып, Базаровтар әулетінің атқарып жатқан игілікті істеріне алғыстарын білдіріп, «Әк көрген – оқ жонар»демекші бұл күні майдангердің ізін жалғастырған ұлы, мектеп директоры Базаров Еркін Сіләмғалиұлына аудан әкімі Аэлита Ахметсәлімқызының «Алғыс хатымен», естелік сыйлықтары тапсырылды.Мектеп ұжымы да келіні Шынар мен ұлы Еркінге өздерінің сый сыяпаттарын көрсетті.

Майдангерден ұстаздық жолдарында тәлімді тәрбие алып, бірге қызмет атқарған әріптестері Сәуле Камалиева, Қайрат Қоңыров, Алт айхан,Баян Бұхатаовтар,Сағатхан Смайылова, Гүлдәри Қабдолдина, Айткүл Смағұлова және басқалар өз естеліктерін ортаға салып, марқұмның жарқын істерін естеріне алды.

Кабинеттің салтанатты ашылу ында лентасы қию рәсімі жасалды.Сол күні Зайсан қаласындағы «Керуен» мейрамханасында Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, марқұм Сіләмғали Базаровтың ұрпақтары әкелеріне арнап ас беріп, қатым түсірді.

***А. БӨЛДЕКБАЕВА.***

# Әлемдік ойдың алыбы

**Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас.**

***

**Өмір – мұхит, уақыт толқын.**
**Өмірдің алды – ыстық , арты – суық,**
**Алды – ойын, артқы жағы – мұңға жуық.**

***

**Азат басың болсын құл,**
**Қолдан келмес іске ұмтыл.**

***

**Сен де бір кірпіш дүниеге,**
**Кетігін тап та, бар қалан.**

***

**Бір жерде бірге жүрсең басын қосып,**
**Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып.**

***

**Мен егер Закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.**

***

**Сағаттың шықылдағы емес ермек,**
**һәмиша өмір өтпек – ол білдірмек.**

***

**Менімен менікінің айырылғанын,**
**Өлді деп ат қойыпты өңшең білмес.**

***

**Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: ел басы, топ басыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы.**

***

**Өлейін деп өлмейді өлерлік жан.**

***

**Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел.**

***

**Сұлуды сүйместік – пайғамбар сүннеті.**

***

**Мұңдасқан көңілде кір қалмайды.**

***

**Шешеннің тілі**
**Шебердің бізі.**

***

**Өзі жат елде қайыршылық қылып жүріп, елін бай деп мақтайтындар – құдай қарғағандар.**

***

**Малыңды жауға, басыңды дауға салып қор қылма.**

***

**Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар.**

***

**«Қусың» десе қуанатындар да кездеседі.**

***

**Серт бұзғанның орны шоқ.**

***

**Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек.**

***

**Өткен өмір қу соқпақ,**
**Қыдырады талайды.**

***

**Көкірегі – сезімді, көңілі – ойлыға бәрі анық.**

***

**Имансыздың сыртын қанша жусаң да, іші оңбайды.**

***

**Сен асыққан екен деп – Алла өмірін өзгертпес.**

***

**Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.**

***

**Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі – зор билік, екіншісі – есепсіз байлық.**

***

**Жақсылық – ұмыт, жаңылыс – кек.**

***

**Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды.**

***

**Хақ сөзді бала айтса да тоқтамақ керек.**

***

**Жүректі қозғайтын – жастықтың оты.**

***

**Сынық қанат көбелек – ол да өмір іздемек.**

***

**Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,**
**Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.**
**Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,**
**Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.**

***

**Қайғысыздың бәрі асау.**

***

**Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.**

***

**Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар – надандық, еріншектік, залымдық.**

***

**Сақалын сатқан кәріден,**
**Еңбегін сатқан бала артық.**

# Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Зайсан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ -де мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Бүгінгі таңда мүмкіндіктері шектеулі адамдардың негізгі құқықтарын қамтамасыз ету – ең өзекті мәселе.

Жалпы статистикалық мәліметтерге сүйенсек қазіргі уақытта елімізде 600 мыңнан астам мүгедек жан тұрады екен, олар халықтың жалпы санының мөлшері 3 % құрайды. Осы санның ішінде 60 мыңнан астам мүгедек бала бар. Күні кеше Бурабайда өткен Құрылтай аясында Мемлекет Басшысының айтқан ұсынысы халықты өте қуантты. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оңалту және дамыту орталығы әрбір өңірге ауадай қажет. Себебі инклюзивті білім беруді дамытуда облыстың білім беру жүйесіндегі арнайы ұйымдар желісі үлкен рөл атқарады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту үшін Қазақстанда бірқатар маңызды заңдар қабылданып жатыр. Солардың бірі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 538 қаулысы.

Қазіргі кезде Үкімет бекіткен арнаулы әлеуметтік қызметтің түрлері бар.

Сол тізімнің ішіндегі бір мемлекеттік қызмет түрі Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Зайсан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ көрсетіледі. Стандартқа сәйкес белгіленген регламентті сақтай отыра Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы «08» сәуірдегі №174 бұйрығымен бекітілген «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын орындаудамыз.

**ШҚО білім басқармасы «Зайсан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті » КММ Зайсан қаласы Жұмат Шанин көшесі-2 мекенжайында орналасқан.**

**Байланыс телефоны: 8(72340) 29-5-19**

Мекемеде «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығын басшылыққа ала отыра жұмыс атқаруда.

Ата-аналар ПМПК-берген қорытынды арқылы кабинетке келіп немесе «электронды үкіметтің веб –порталы арқылы өздігінен қажетті құжаттарымен порталға тіркеледі.

Көрсетілетін қызмет берушінің жұмыс кестесі:

Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда,дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 8:00-17: 30 –ға дейін,түскі үзіліс 12: 00-14.00.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:

Көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында **www.egov.kz** порталында орналасқан

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге:

Көрсетілген қызметті алушының ата-анасының ( заңды өкілінің) өтініші

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын өткізеді

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1.Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 90 күнтізбелік күннен 365 күнтізбелік күнге дейін жүзеге асады.

2.Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15( он бес ) минуттан аспайды.

3.Қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15( он бес ) минуттан аспайды.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Тіркелген ата-аналарға хабарлама беріліп,кезек бойынша ( диагноздарына байланысты) кабинет есебіне бұйрық арқылы қабылданады.Порталдағы кезегі келген баланы қабылдамас бұрын,ең алдымен баланың ата-анасымен құжаттар толтырылады.Баланың ата-анасы немесе нотариалды куәландырылған заңды өкілі кабинет есебіне қабылдау туралы келісім шартпен танысады.Келіскен жағдайда меңгеруші атына өтініш жазады. Оқушының жеке іс қағазы жазылады.Құжаттық,баланың дамуы жайлы мәлімет алынып,толтырылып,баланың психофизиологиялық дамуының бағалау протоколы жазылады. Қажетті мәліметтер алынып,құжаттар түгелденгенен кейін бұйрық шығарылып,бала кабинет есебіне тіркеліп, мемлекеттік қызмет алады.

Ата-ана тарапынан талап етілетін құжаттар:

1.Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі

2.ПМПК – қорытындысының көшірмесі

Әрбір мүгедектің жеке қажеттігіне қарай кешенді түрде берілетін бұл қызметтер оларға жүйелі оңалтуды қамтамасыз етіледі. Көрсетілетін қызмет түрлері мен көлемі осы қызметтерді көрсететін мамандандырылған мекемелердің үлгісіне қарай ерекшеленеді.

“Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі” деп тегін айтылмаған ғой, осы өзгерістер арқылы – мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына етене араласуына үміттері қайта оянып, өздері жұмысқа орналасу үшін мемлекет тарапынан барлық мүмкіндік жасалып отыр.

**А.ТІЛЕУЖАНОВА,**
**әдіскер.**










# «Тұрмыс» жедел профилактикалық іс-шарасы



Зайсан ауданы бойынша 2025 жылдың 27-29 мамыр аралығында «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

«Тұрмыс» жедел алдын-алу іс-шарасының мақсаты ауданда қылмыстық ахуалды оңалту, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтар жасауға жол беретін, спирттік ішімдіктерге салынған адамдарды анықтау және оларды полиция бөлімінің есебіне қою бойынша тиісті ұйымдастырушылық шаралар жүргізу.

Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің қызметкерлері тарапынан тұрмыста құқық бұзушылық жасауға бейім барлық адамдарды және қолайсыз отбасыларды тұрғылықты жері бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді.

Үй ішіндегі зорлық-зомбылық әрекеті – ол қылмыс, сондықтан оған ақтау жоқ.

Зорлық - зомбылық әрекеттері бөтен адамның араласуынсыз өздігінен тыйылып қалмайды.

Отбасының принципі – оның кез-келген мүшесінің қауіпсіз өмір сүруі.

Сондықтан кез-келген келеңсіз жағдайлардан мамандардан көмек алу арқылы, тиісті құқықтық шараларды қолданып шығуыңызға болады.

Қоғамда өмір сүріп отырған әрбір азамат зорлық-зомбылыққа жол бермеуі керек.

Отбасы– тұрмыстық қарым-қатынастар саласында зорлық-зомбылыққа тап болған азаматтар әр кезде Зайсан аудандық полиция бөліміне **«102»** арнасына хабарласулары на болады.

Азаматтардан түскен әр хабарлама бойынша полиция қызметкерлерімен заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданатынын хабарлаймыз.

**А.НАБИЕВА,**
**Зайсан АПБ ЖПҚБ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған тобының аға инспекторы, полиция капитаны.**

# Қоғамдық тыңдау

«ARNNA MINERALS» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Дайыр ауылынан шығысқа қарай 0,5км жерде бөтелкедегі артезиан ауыз су (газдалған және газсыз) және алкогольсіз газдалған сусындар өндіру кешеніне тауарлық-материалдық құндылықтарды (материалдық құндылықтарды) орналастыруға арналған кеңейту қоймасының құрылысы» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізілетінін хабарлайды.

